



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

на сайт. Абсолютно бесплатные аудиокниги с хорошим качеством звука и текстами.

15. www.newfiction.com – вы услышите разговорный американский английский в новых аудиокнигах на актуальные темы, сопровождаемые карикатурами и звуковыми эффектами.

Используя вышеперечисленные сайты можно запомнить и закрепить на практике новые слова и фразы. Рассматривая данный метод изучения современной лексики можно выделить 7 основных преимуществ:

✓ Обучение и развлечение проходит одновременно. С изучением языка также изучающий получает возможность раньше просмотреть новую серию любимого сериала и услышать настоящий голос любимого актера.

✓ Развивается навык восприятия английского языка на слух.

✓ Увеличение словарного запаса. Запоминание новых слов и фраз происходит не просто в заучивании, но и в запоминании его в контексте.

✓ Возможность учить разговорные формы слов, фразовые глаголы и сленг.

✓ Изучение естественной речи. Правильное расставление паузы, ударений, интонации.

✓ Понимание юмора носителей языка.

✓ Изучение особенности другой культуры. Появляется возможность изучения обычаев, праздников, традиций и менталитета носителей языка не выходя из дома.

Любимым людям изучающим язык, не только английский, но и другие нужно знать главное - иметь сильную мотивацию, самоконтроль и самодисциплину и получать удовольствие от изучения языка.

Огромную и главную роль в изучении языка занимает хорошо подобранные учебные материалы, методики, преподаватель и свое стремление на изучение языка.

Современный английский язык - постоянно меняющийся и развивающийся, динамичный язык, который открывает огромные возможности тем, кто им овладевает. В век информационных технологий человек имеет возможность не просто познакомиться с ним, но и обладать на очень хорошем уровне не выходя из дома и приложив немного стараний, упорства и труда.

Список использованных источников:

1. Данные мультимедийной электронной энциклопедии Encarta - 2009;
2. Васильева Е.Е., Васильев В.Ю. "Секреты запоминания слов и неправильных глаголов английского языка". - Москва, 2004 г., 77 стр.
3. Комаров А. Н. "Учебник современного английского языка". - Москва, 2009 г., 544 стр.

ӘОЖ 37(1-87)

ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ПАЙДАСЫ ТУРАЛЫ

Катай Гульмайдан Нуржанкызы

Gulmaidan1105@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУЖурналистика және саясаттану

факультетінің 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р.Е. Кусаинова

Қазіргі таңда шетелде білім алып жүрген жастарға ешкім таңданбайды. Алыс-жақын елдерде қаншама жерлестеріміз оқуда. Әлемнің үздік жоғары оқу орындарында білім алып жүрген қазақстандықтар қуантады, әрине. Өзге елдің оқу орнында студент атану үшін тынбай талаптанып, ерінбей еңбектену керек. Шет елдердегі қабылдау комиссияларының елді аралап жүруі де жастардың қызығушылығын туғызады. Жастарды шетелде оқытуға қорқа қараудың қажеті жоқ. *Студент ерте есейіп, жауапкершілік пайда болады. Тұлға ретінде өз көзқарасы қалыптасады. Сонымен бірге, елге, жерге деген сағыныштан*


патриоттық сезімі де оянады. Ол жерде арқа сүйейтін адамы болмаған соң, өзіне ғана сенуді үйренеді. Ең бастысы, Қазақстанға оралып, білікті мамандар қатарын толықтырады.

Ғаламторда шетелдік университеттерге оқуға қабылдайтын бағдарламалар өте көп. Бізде жастар соны іздей бермейді. Қажетті конкурсты тапқаннан кейін де, оған құжат жинау жағы тағы бар. Шетелдік университеттердің көпшілігі шетел азаматтарын оқуға қабылдағанда олардың қандай да бір емтихан тапсыруын қажет етпейді. Алдымен, қажетті құжаттарды сұратады. Құжаттардың тізімінде мотивациялық эссе, транскрипт міндетті түрде болады [1]. Сайттардан шетел университеттері ұсынатын оқу гранты туралы ақпарат тапқан жөн. Әлеуметтік желілерде «Гранты, стипендии», «Конференции, семинары» деген топтар бар. Одан басқа, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің ресми сайты да бақылап жүру керек. *Сырт мемлекеттер өздерінде оқитын шетелдік студенттер қатарында Қазақстан азаматтарының да болуын қалайды, байланыс орнатуға ұмтылады. Бұдан мемлекетаралық байланыс нығаяды.*

Кез-келген елге оқуға қабылдану барысында, оқу үлгерімі жоғары талапкердің мүмкіндігі мол. Қазақстандық жастардың көбісінің шет мемлекетте оқуға талабы зор, олардың мұндай ұмтылысын мемлекет те қолдап отыр. Әлемнің кез-келген елінде білім алып жүрген қазақстандықтарды кездестіруге болады [2]. Қазақстандық талапкерлердің дені Чехияны таңдайды. Бұл елдің жоғары оқу орындарында оқитын қазақстандықтар гуманитарлық ғылымдар, халықаралық қатынас, шет тілдері, бизнеске қатысты мамандықтар бойынша білім алады. Шетелде оқудың артықшылықтары: мысалы, Сингапурда – ағылшын тілі, британдық білім жүйесі, оқытудың әлемдік стандарттары, заманауи экономикалық талаптар, өмір сүрудің жоғары деңгейі. Әр елде білім алудың өз басымдықтары бар. АҚШ-та қай семестрде қандай курстарды оқитынын, қай мұғаліммен, қанша сағат оқитынын студенттің өзі шешеді.

Шетелде білім алудың жолы көп. Алайда, таяқтың екі ұшы болатындығы секілді, бұл мәселенің де дұрысы мен бұрысы бар екені айтпаса да түсінікті. Жастардан қамқорлығын аямайтын шет мемлекеттер білімді түлектерді өздерінде қалдыруға барын салады. Осыдан барып, кей кезде білікті жас мамандар өзге елдің әлеуетін арттыру жолында жұмыс істеп кетеді. Жастарға грант үлестірген елдердің олардан қайтарымын қалайтыны рас. Сол себепті, өзге елде оқығандардың айтарлықтай бөлігі оқу бітірген елінде қалып қояды. Дереккөздерге сүйенсек, шетелдік студенттердің 15-тен 35-ке дейінгі пайызы диплом алғаннан кейін оқыған елінде жұмыс істеуге қалады. Шетелде білім алудың пайдасымен қатар осындай келеңсіз жағы да бар. Сондықтан, студенттер арасында олардың пікірін білу мақсатымен, өзге мемлекетте оқу туралы шағын сауалнама жүргізіп көрдім. Сауалнама барысында студенттерге бес түрлі тұжырым ұсындым, олар «иә, келісемін» немесе «жоқ, келіспеймін» деп жауап беруі керек болды. Бірінші тұжырым – «Шетелде оқу өте қымбат». Он студенттің үшеуі «иә» десе, жетеуі «жоқ» деді.

1 диаграмма. «Шетелде оқу өте қымбат»



Оксфорд секілді университетте оқығыңыз келсе, бұл тұжырым шындыққа айналады. Ал, рейтинг бойынша төмендеу тұрған университеттердің арасында оқу ақысы Астана мен Алматыдағы оқу ақысымен шамаластары да бар. Екінші тұжырым – «Шетелде білім алу үшін шет тілін жоғары деңгейде білу керек». Сегіз студент «иә, келісемін» десе, екеуі келіспейтіндіктерін айтты.



ЖОО тілді жақсы білуді талап етеді. Талапкер тапсыратын құжаттар арасында, тіл білетінін растайтын сертификат болуы керек. Мысалы: Австралия жоғары оқу орындары үшін IELTS, АҚШ-та — TOEFL, Францияда — DALF, Германия университеттері үшін — TestDaF және т.б.

Бірақ, жоғары деңгейде болмаса да ойыңызды жеткізе алатындай деңгейде білсеңіз қабылдайтын беретін жоғары оқу орындары да жетерлік. Оларда деңгейіңіз төмен болса, арнайы курстарға барып, жетілдіріп алуға болады. Үшінші тұжырым – «Шет мемлекетте шәкіртақы мөлшері жоғары». Он студенттің барлығы бірауыздан «бұл тұжырыммен келіспейміз» деді. Шәкіртақы – оқуға жасалатын жеңілдік. Арнайы бағдарламалар бойынша білім алушылардың шәкіртақысы, әрине, ауыз толтырарлық, бірақ оқитын еліңізге байланысты кететін шығын да қымбатқа шығады. Соңғы, төртінші тұжырым – «Өзге мемлекетте оқыған соң, тек жоғары рейтингілі университеттерде білім алу керек». Он студент те бұл тұжырыммен келіспеді.

Бұл мәселеде, салалық рейтингке мән берген жөн. Мысалы, АҚШ дегенде Гарвард университетін елестетеміз, бірақ Гарвард заң және саясат жағынан жақсы болғанымен, өзге салаларда оны басып озатын университеттер бар [3].

Қазір «Болашақ» бағдарламасының түлектері алған білімдерін Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік жағынан дамуына пайдаланып жатқанын көріп, әрбір адамның қосқан үлесі біздің еліміздің дамуында аса маңызды екенін сеземіз. Бұл еліміздің болашағы жарқын екендігіне сенім ұялатады [4]. Ал, енді отандық оқу орындарында берілетін білімнің шетелдіктен айырмашылығын қарастырып көрейік. Батыстық білім беру жүйесі тәжірибелік болып келеді. Сараптамалық ойлауды, проблемаға тұтастай қарау қабілетін, академиялық жазу өнерін дамытады. Оқуда тұрақтылық, жүйелілік, алға мақсат қоюды, оған жетуде табандылық, өз уақытыңды жоспарлау сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің сайтында 2017 жылғы ақпан айында жарияланған мәліметтерге сәйкес, ғылыми зерттеулермен айналысып жатқан 35 жасқа дейінгі ғалымдарымыздың саны бүгінгі таңда 9 мың адамға жеткен екен. Қазақстаннан шетелге кеткен ғалымдардың саны 31 адамды құрайды, олардың басым бөлігі АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінде, Израиль және өзге мемлекеттерде еңбек етуде. Соңғы 2 жылда елімізге түрлі салалардағы 75 қазақстандық ғалым оралды. Оның ішінде Назарбаев Университетіне 26, Еуразия ұлттық университетіне 5, Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне 2 ғалым келді. Сонымен қатар 2008-2016 жылдар аралығында 483 адам Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Ресей және өзге де мемлекеттердің жоғары оқу орындарында және ғылыми-зерттеу орталықтарында кәсіби тәжірибеден өтуге грант ұтып алды. Бүгінгі уақытта 415 адам еліміздің жоғары оқу орындарында және ғылыми институттарда ғылыми қызметтерін жалғастыруда [5].

Шетелде білім алған азамат елімізге қандай пайда келтіреді? Педагогикада адамның өзіндік пікірі мен ой-санасы 14 пен 23 жас аралығында қалыптасады. Дәл осы жас аралығында студенттер жоғары деңгейде білім алып, тәжірибе жинақтайтын болса,

болашақта олар елімізге зор пайда келтіретіні сөзсіз. Сонымен, шетелде білім алудың пайдасы: біріншіден, шет тілін жетік меңгереді, екіншіден, қазақстандықтардың құқығын шетелде қорғау мүмкіндігі артады. Үшіншіден, шетелдегі қандастарымыздың атамекенге оралуына да әсер етеді. Төртіншіден, қазақстандық компанияларға шетелдік мамандарды шақырудың қажеті болмайды. Өз азаматтарымыз шетелде білім алу арқылы, дәл сол шетел мамандарындай бола алады. Бесіншіден, өзге мемлекеттер Қазақстанды тани түседі. Қазақстанның салт-дәстүрі, ұлттық тағамдары жөнінде хабардар болады.

Мысалы: Британиялықтар қазақтың ұлттық тағамдарын даярлауды үйреніп жүр екен. Қазақша ет, бауырсақ және наурыз көже кейбір британиялық отбасылардың күнделікті ас мәзіріне енген көрінеді[5]. Мұнымен қоса, шетелде оқығандар Қазақстанға жаңа идеялар мен жаңалықтар әкеледі. Олардың барлығы еліміздің мүддесі үшін қызмет етеді. Шетелде білім алуға талаптануының себебі де сол болу керек.

Қорытындылай келгенде, теория мен тәжірибені ұштастырғаннан кейін, жастардың туған жерге оралып, Қазақстанның дамуы үшін тер төккенін қалаймыз. Жастар шетелде оқыған мамандықтары бойынша білім мен ғылымның қыр-сырын егжей-тегжейлі білетін болады. Шетелдегі өмір студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, жан-жақтылығын тереңдете түседі. Ең бастысы, алған терең білімінің арқасында адамда көшбасшылық қасиеттер қалыптасады. Жаңа буынның мұндай көшбасшылары мықты мемлекет болудың негізі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://surak.szh.kz/> - шетелде оқығанның не пайдасы бар, 2015.
2. <https://baq.kz/> - «Ертіс өңірі» газеті, 2016.
3. <http://kerekinform.kz/> - OFM жазбалары, 2014.
4. <http://www.inform.kz/> - ҚазАқпарат, 2009.
5. <http://www.inform.kz/> - ҚазАқпарат, 2017.

УДК 821

ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ В КАЗАХСКОЙ, РУССКОЙ И АНГЛИЙСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Нажмиден Камиля Сагиденқызы

sagidenovna@bk.ru

Студентка 3-го курса филологического факультета

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Кемелбекова Э.А.

Женщина - с нами, когда мы рождаемся,

Женщина - с нами в последний наш час.

Женщина - знамя, когда мы сражаемся,

Женщина - радость раскрывшихся глаз.

Константин Бальмонт

Женщины так непохожи друг на друга: они интересны, характерны, каждая имеет свою особую красоту и «изюминку», каждая из них — личность, которую можно полюбить всем сердцем. И, конечно, когда мы говорим «женщина» — подразумеваем красоту. И отнюдь не ту, что воспевается в глянцевых сантиметрах и оттенках лака, а живую, настоящую, ту, которая зовётся женственностью. Красота женщин воспевалась на протяжении всей истории человечества и будет воспеваться.

Образ женщины также воспевался в казахской, русской и английской литературах.

В казахской литературе, культуре и гуманизма по отношению к женщине был Абай Кунанбаев. Будучи национальным поэтом, одним из основоположников казахской литературы нового времени Абай был, безусловно, звездой первой величины на небосклоне